



2021-2022 оқу жылындағы Мектепшілік бақылау мен басқарудың жылдық жоспары

Мектепшілік бақылау – педагогикалық менеджменттің негізгі компоненті, қосалқы жүйелері арасында кері байланыс рөлін атқаруға арналған басқарудың жетекші қызметі.

Мектепшілік бақылау мақсаты:

- ✓ *Білім беру үдерісін жасақтау ж/е ұйымдастыруға қойылатын талаптарға сәйкес жұмыс істеуін қамтамасыз ету;*
- ✓ *Педагогтардың кәсіби шеберлігін арттыру;*
- ✓ *Білім алушылардың білім әлеуетін анықтау ж/е іске асыру, тұлғаны жан-жақты даму динамикасын бақылау;*
- ✓ *Сапалы білімнен нәтижелі білімге қол жеткізу;*
- ✓ *Рухани жаңғыру құндылықтарын дамыту.*

Мектепшілік бақылау міндеттері:

Әр педагогтың кәсіби шеберлігін бақылау бойынша ақпараттық банк құру, педагогикалық рейтингтерін шығару.

- Жаңартылған білім мазмұны бойынша жас мамандарға кәсіби көмек ұйымдастыру.
- Педагог қызметінің нәтижесіне талдау ж/е сараптамалық бағалау жасау, озық, инновациялық технологиялар, оқытудың әдістері мен тәсілдерін енгізуі үшін жауапкершілікті арттыру.
- Педагогтың кәсіптік шеберлігін дамытуға ықпал ету
- Бақылау үдерісінде педагогтарға әдістемелік көмек көрсету
- Мектептегі білім сапасы мен тәрбие жұмыстарының мемлекеттік стандарт талаптарына сәйкестігін бақылау.
- Нәтижелі білім беру сапасы мен тәрбие жүйесін дамытуға оңтайлы жағдайлар туғызу.
- Буынаралық сабақтастықты бақылау арқылы оқушыларға буынаралық өту қолайлылығын туғызу жұмыстарын жандандыру.
- Оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыру жұмыстарын жүйелі жүргізу.
- Мектеп пен ата-ана арасындағы байланысты нығайту үшін іс – әрекеттер ұйымдастыру.
- Зерттелетін объектіні талдау, диагностикалау.
- Нормативтік құқықтық актілердің орындалуы.
- Мектеп құжатнамасының жағдайы ж/е жүргізілуін бақылау жүйесін жетілдіру.